
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	52 беттің 1-ші беті


АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Алматы
 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>	52 беттің 2-ші беті


КІРІСПЕ


1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі
2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2025 жылғы «27» қарашадағы № 4 хаттама № 5 баспа. 2021 жылғы «27» мамырдағы № 4 редакцияның орнына
3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ
4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ


1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	5
3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
4. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	7
5. ҚАБЫЛДАУ САЯСАТЫ	10
6. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ	12
7. БІЛІМ АЛУШЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ	15
8. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	17
9. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ	18
10. ҮШ ТІЛДІ ОҚЫТУ	18
11. ЖЕКЕ, ШАҒЫН ТОПТЫҚ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ САБАҚТАР	18
12. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР	18
13. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН (ҚБТ) ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	19
14. КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ	26
15. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ	27
16. АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ МЕН АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ	28
17. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	29
18. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	30
19. ЖОО-ДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	31
20. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ РӘСІМІ	31
21. БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ПОҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ	33
22. ECTS ЖӘНЕ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ	34
23. АКАДЕМИЯДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	35
24. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ	39
25. ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ	40
26. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ	44
27. УАҚЫТ НОРМАСЫ	45
28. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ	49
29. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ	49
30. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ	51
31. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	52

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»
 ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы
 Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
 Ғылыми кеңесінің шешімімен
 Ғылыми кеңес төрағасы
 А. Жудебаев
 № 4 хаттама 2025 жылғы «27» қараша

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


1. Осы Академиялық саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігінің нормативтік құжаттарына және ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі – Академия) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, жүзеге асырылады. Саясат білім беру қызметін ұйымдастыру және басқару бойынша шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесін айқындайды, білім алушыға бағдарланған оқытуды іске асыруға және Академияның басымдықтары мен міндеттерін ескере отырып білім сапасын арттыруға бағытталған.
2. Академиялық саясат ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметі жүзеге асырылатын негізгі құжат болып табылады.
3. Академиялық саясаттың мақсаты – білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, ережелер мен рәсімдердің ойластырылған жүйесі арқылы білім алушыға бағытталған оқытуды іске асыруды және білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету.
4. Академия білім беру қызметі аудитінің нәтижелері мен арнайы шақырылған сыртқы сарапшыларды бағалау негізінде саясатты қайта қарауға құқылы. Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер өзгерген, Академия Жарғысы, стратегиясы өзгерген, білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптар өзгерген жағдайда, сондай-ақ халықаралық институционалдық немесе бағдарламалық аккредиттеу қорытындылары бойынша ұсынымдар шеңберінде саясат қайта қаралуы мүмкін.
5. Саясат білім алушыларға, профессор-оқытушы құрамына, Академияның академиялық үдерісті ұйымдастыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.
6. Академияның академиялық саясаты білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім сапасын үздіксіз арттыруға бағытталған.
7. Академиялық саясат Академияның ресми сайтында жарияланады және ол білім алушылар, профессор-оқытушы құрамы, қызметкерлер және басқа да

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

мүдделі тараптар үшін ашық әрі қолжетімді болуы қамтамасыз етіледі.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР


8. Академияның академиялық саясаты мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:
- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
 - 2) «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы;
 - 3) «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;
 - 4) «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 Қаулысы;
 - 5) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;
 - 6) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
 - 7) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығы;
 - 8) «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
 - 9) «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;
 - 10) «Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 6-ші беті

- ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 бұйрығы;
- 11) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.
- 12) «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығы;
- 13) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы;
- 14) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы;
- 15) «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы.
- 16) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы;
- 17) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 2023-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы;
- 18) Осы бөлімде көрсетілген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Академия осы Ережеге өзгерістер енгізбестен олардың өзекті редакцияларын басшылыққа алады.
- 19) Академия өз қызметін белгіленген тәртіппен бекітілген ішкі нормативтік құжаттарға (жергілікті актілерге) сәйкес жүзеге асырады. Оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда олардың қолданыстағы редакциялары қолданылады.

3. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР


ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР МАМ	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛГТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 7-ші беті


ГРА	Оқу үлгерімнің орташа көрсеткіші (Grade Point Average)
ББ	Білім беру бағдарламасы
ОЖ	Оқу жоспары
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
БӨЖ	Білім алушының өзіндік жұмысы
БӨӨЖ	Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы
ОТ	Офис-тіркеуші
ПОҚ	Профессор-оқытушы құрамы
АК	Аттестациялық комиссия
ЖЖОКБҰ	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
АМЖҚ	Академиялық мәселелер жөніндегі қызметі

4. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР


- 1) Академиялық еркіндік – білім беру үдерісінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру үдерісі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;
- 2) академиялық кезең (Term) – семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуін ЖЖОКБҰ өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;
- 3) академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;
- 4) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби тәжірибелерді өткізу күнтізбесі;
- 5) академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады;
- 6) академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді, педагогтерді оқыту, тағылымдамадан өту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 8-ші беті

- өзінің ЖЖОКБҰ-да немесе оқуды жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-да академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқыту нәтижелерін (модульдерін), оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта есепке ала отырып, басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шет елге) ауыстыру;
- 7) белсенді үлестірімелі материалдар (БҮМ) (Hand-outs) – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар);
- 8) білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті;
- 9) білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;
- 10) білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (рейтинг) – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;
- 11) білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол білім алушының өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі – ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;
- 12) екі дипломдық білім беру – қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;
- 13) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;
- 14) жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы (үлгілік және жұмыс оқу

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 9-ші беті

- жоспары негізінде ТжКБ ұйымдары үшін) мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
- 15) кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады);
- 16) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;
- 17) модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;
- 18) модульдік оқыту – білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі;
- 19) негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;
- 20) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;
- 21) оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;
- 22) оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;
- 23) оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді;
- 24) постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының


	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 10-ші беті

басқа түрлері;

- 25) пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;
- 26) транскрипт (Transcript) (транскрипт) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат;
- 27) тьютор – білім алушыға нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант ролін атқарушы оқытушы;
- 28) үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);
- 29) эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;
- 30) элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

5. ҚАБЫЛДАУ САЯСАТЫ

9. Академияға қабылдау рәсімі ашықтық пен айқындық қағидаларына негізделеді. Академия барлық өтініштерді бейтарап, әділ және өтініш білдірушілер үшін барынша қолайлы түрде қарауға тырысады.
10. Қабылдау шығармашылық емтихандарын өткізу кезінде емтихан комиссиясы талапкердің қандай да бір бағытқа шығармашылық бейімділігін айқындай отырып, талапкердің көрсеткіштерін ескере отырып, білім беру бағдарламасының белгілі бір бейініне оқуға түсуді ұсынады.
11. Ауысу немесе қайта қабылдау тәртібімен қабылданған жаңадан оқуға қабылданғандар мен білім алушылар үшін академиялық күнтізбеде мерзімдері көрсетілетін бағдарлау кезеңі белгіленеді. Бағдарлау кезеңінде Академияның оқу жүйесімен жалпы танысу, элективті пәндер каталогынан (КЭД) электив курстардың ПОҚ презентациялары, сыныптар мен шеберханалар жетекшілерінің таныстырылымдары ұйымдастырылады, сондай-ақ әкімшілік өкілдерімен, декандармен, кафедра меңгерушілерімен

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 11-ші беті

және эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі.

12. Пәндерге тіркеу бағдарлау кезеңінде жүргізіледі. Білім алушы эдвайзермен бірге алдағы академиялық кезеңде оқуға жоспарланатын пәндердің тізімін анықтайды.

13. Қабылдау қағидалары мен тәртібі, түсу талаптары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына іске асырылады.

14. Шығармашылық емтихандарды тапсырудың қосымша талаптары, тәртібі және рәсімі ішкі құжаттармен реттеледі: «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің жоғары білім бағдарламалары бойынша қабылдау ережелері.

Магистратура және докторантура.

15. Магистратура және докторантура бағдарламаларына түсетін үміткерлер Академияның қабылдау комиссиясына қабылдаудың үлгі ережесіне сәйкес құжаттарды тапсырады.

16. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін Академияға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.


17. Академия магистранттарының контингенті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс арқылы қабылданған тұлғалардан, сондай-ақ оқу ақысын өз қаражаттары немесе басқа көздер есебінен төлеуші білім алушылардан қалыптасады.

18. PhD докторанттарының контингенті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында бөлінген қаражат есебінен конкурс арқылы қабылданған, сондай-ақ ақылы негізде оқуға арналған конкурс бойынша өткен білім алушылардан қалыптасады.

19. Шетелдік білім беру ұйымдарында білім туралы құжат алған тұлғалар Академияның магистратурасына немесе докторантурасына қабылданғаннан кейін алғашқы академиялық оқу кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

20. Магистратураға/PhD докторантураға қабылдау жыл сайын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейтін мерзімдерде жүргізіледі.

21. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға қабылдау білім алушылардың біліктілік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

тесті (БТ) және бағдарлама тобының профилі бойынша шығармашылық емтихандар нәтижелері бойынша жүргізіледі. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша PhD докторантурасына қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

22. Магистратура мен PhD докторантурасына дайындық білім беру бағдарламаларын көрсете отырып қабылдау туралы хабарландыру құжаттарды тапсыру мерзімінен кемінде он бес күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияланады.

23. Магистратураға және PhD докторантураға түсушілер үшін мамандық бойынша түсу емтиханы академияның магистратурасына және PhD докторантурасына қабылдау туралы қағидаларға сәйкес бекітілген формада өткізіледі.

24. Түсу емтиханының нәтижесімен келіспеген талапкер емтихан материалдарының мазмұны бойынша және техникалық себептер бойынша апелляциялық комиссия төрағасының атына жазбаша апелляциялық өтініш бере алады, БТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады. Қосымша қабылдау талаптары, шығармашылық емтихандарды тапсыру тәртібі мен рәсімі ішкі құжаттармен реттеледі: *магистратураға және PhD докторантураға қабылдау ережелері; «Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ апелляциялық комиссиясы туралы ереже.*


6. САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

25. Академия өз қызметінде білім беру қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаның талаптарына және (немесе) қажеттіліктеріне, оның ішінде білім беру бағдарламасының жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесіне ҚР МЖМБС, ҚР БҒМ (ҚР ҒЖБМ) нормативтік құжаттарына сәйкестік дәрежесін білдіретін білім беру қызметінің және білім алушылардың даярлығының кешенді сипаттамасы ретінде білім беру сапасын түсінуді негізге алады. Сапаны қамтамасыз ету бағдарламалардың мазмұны, оқыту мүмкіндіктері мен материалдық-техникалық база қойылған мақсаттарға сәйкес келетін білім беру ортасын құруға тиіс.

26. Академияның сапа саласындағы саясаты бірқатар ережелерге негізделген:

Миссиясы: Қазақстан мен Орталық Азия өңірі халықтарының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, сақтау және дамыту мақсатында өнер, мәдениет, білім беру және креативті индустрия салалары үшін жоғары білікті кадрларды даярлау.

Көрінісі: Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА – еліміздің және Орталық

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 13-ші беті

Азия өңірінің мәдениетін, өнері мен креативті индустриясын дамытуға ықпал ететін, шығармашылық кадрларды сапалы көп деңгейлі даярлау үшін білім беру бағдарламаларын іске асыратын инновациялық білім беру, ғылыми-шығармашылық және мәдени-ағарту кластері.

27. Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі білім беру саясатының негізгі міндеті – кәсіби даярлығы бар, отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады, бұл білім беру үдерісінде ғылыми-зерттеу, шығармашылық қызмет пен оқытуды интеграциялауды, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясы негізінде білім беру үдерісін жүзеге асыруды көздейді. Бұл ретте базалық пәндер (БП) мен бейіндеуші пәндер (БейП) циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие болып, білімнің бірнеше саласының тоғысында кадрлар даярлауды қамтамасыз етеді.

28. Академия қызметінің барлық бағыттары бойынша сапаға басшылық жауапты болады. Ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, факультет декандары және кафедра меңгерушілері мамандарды даярлау сапасына, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, сондай-ақ қаржылық, шаруашылық және өзге де қызмет түрлеріне жауап береді. Әрбір қызметкердің жұмыс сапасы үшін жеке жауапкершілігі басшылықтың, оқытушылардың, қызметкерлердің және басқа да санаттағы жұмыскерлердің міндеттері мен өкілеттіктерін нақты регламенттеу арқылы қамтамасыз етіледі.


29. Академия оқытушылардың бастамаларын ПОҚ рейтингісінде олардың қызметінің нәтижелерін есепке алу және қызметтің тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша ынталандыру шараларын қолдану арқылы қолдауды қамтамасыз етеді.

30. Академия басшылығы ғалымдар мен зерттеушілерге тұрақты түрде қолдау көрсетеді және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, жүргізуге және олардың нәтижелерін енгізуге қажетті жағдайлар жасайды.

31. Академия қойылған мақсаттарға ISO 9001 сериясының халықаралық стандарттары негізінде сапа менеджменті жүйесін енгізу және жетілдіру арқылы қол жеткізеді. Сапа мониторингі-қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізі. Басшылық сапа саясатының іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында қызмет нәтижелерін жүйелі түрде талдайды.

32. Академиядағы білім беру сапасының ішкі жүйесі келесі қағидаларды ескере отырып қалыптасады:

1) *жүйелілік*. Жалпы жүйенің элементтері өзара байланысты болуы, бірін-бірі толықтыруы тиіс, бұл жүйені жетілдірудің неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге мүмкіндік береді; ЖЖОКБҰ процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету;

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-35-2025 27.11.2025 ж.</p>
	<p>Ереже нормативтік құжат түрі</p>	<p>52 беттің 14-ші беті</p>

персоналды, профессорлық-оқытушылық құрамды, ЖЖОКБҰ басшылығын білім беру ұйымының жалпы процестеріне қосу; ЖЖОКБҰ-ның өз қызметін жақсарту саласындағы қызметін жүйелеу, білім беру сапасы саласындағы саясатты әзірлеу;

2) *жан-жақтылық*. Сапа кепілдігі жүйесі барлық деңгейлерді қамтуы және барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар, ЖЖОКБҰ басшылығы, жұмыс берушілер, мемлекет, қоғам) талаптарына жауап беруі тиіс;

3) *бейімделу*. Жоғары оқу орны ішіндегі сапа кепілдігі жүйесі көрнекі, түсінікті, ыңғайлы және іске асыруға қол жетімді болуы керек; мүдделі тараптар қойып отырған жаңа талаптарға оңай бейімделе алуы қажет.

33. *Білім беру үдерісін жаңғырту:*


- 1) жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- 2) жаңа білім беру технологиялары мен оқыту жүйелерін әзірлеу және енгізу;
- 3) халықаралық ынтымақтастықты дамыту, Академияның халықаралық беделін арттыру;
- 4) кадрлар даярлау ісінде ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, Болон процесінің қағидаттарын пайдалану;
- 5) кафедраның оқыту сапасын қамтамасыз етудің және білім беру үдерісін ұйымдастырудың шешуші буыны ретіндегі рөлін арттыру;
- 6) білім беру мазмұнын жаңғырту, сыртқы және ішкі тұтынушылардың қажеттіліктері мен үміттерін есепке алу және қанағаттандыру;
- 7) серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту.

34. *Ғылыми-зерттеу процесі мен инновациялық қызметті жаңғырту:*

- 1) Әлемдік деңгейдегі ғылыми зерттеулерді жүргізу және сарапшылық қолдау орталықтарын құру;
- 2) Инновациялық қызметті дамыту;
- 3) Ғылыми зерттеулерді тиімді жүргізуге және олардың нәтижелерін ілгерілетуге ықпал ететін жағдайлар мен инфрақұрылымды құру.

35. *Академияның кадрлық әлеуетін, білім алушылар мен түлектер контингентін нығайту:*

- 1) кадрларды жаңарту және үздік отандық және шетелдік оқытушыларды, зерттеушілер мен практиктерді тарту;
- 2) ПОҚ-ның кәсіби өсуін қолдау және ынталандыру;
- 3) дарынды жастармен және академия түлектерінің қауымдастығымен жұмыс істеу жүйесін құру;
- 4) әрбір қызметкер мен білім алушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру және олардың өз еңбегінің нәтижелері үшін дербес жауапкершілігін арттыру;
- 5) Академияның білім алушылары мен түлектерінің Қазақстандық және Халықаралық еңбек және жұмыспен қамту нарықтарындағы бәсекеге

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 15-ші беті

кабілеттілігін арттыру, жұмысқа орналастыру үдерісін және олардың мансабын дамытуды жетілдіру;

6) жұмыс берушілермен және түлектермен өзара іс-қимыл тетігін жетілдіру;

7) оқыту мен тәрбиелеудің біртұтастығын қамтамасыз ету.

36. *Инфрақұрылымды жаңғырту:*

1) қолдаушы инфрақұрылымды дамыту;

2) жатақханаларды дамыту.

37. *Ұйымдастырушылық құрылымды жетілдіру және басқару тиімділігін арттыру:*

1) Ұйымдастырушылық құрылымды жетілдіру;

2) Стратегиялық жоспарды әзірлеу және оның жүзеге асырылуын бақылау;

3) Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын – оқытушыларды, білім алушыларды, әкімшілік қызметкерлерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету процесіне тарту;

4) Қызметкерлердің барлық басқару деңгейлеріндегі өкілеттіктері мен жауапкершілігін нақты регламенттеу, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті, сенім мен жағымды атмосфераны дамыту;

5) Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) процестерінің тиімділігін белгіленген көрсеткіштер, ішкі аудит қорытындылары және әлеуметтік-зерттеу нәтижелері бойынша үздіксіз бақылау;

6) СМЖ нәтижелілігін тұрақты түрде жетілдіру.

Академия кезең-кезеңімен сыртқы сапа кепілдігі процедураларынан өтіп, бұл процестердің тиімділігін бағалауға және Академия қызметінің сапасы туралы қоғамға ақпарат беруге мүмкіндік береді.


7. БІЛІМ АЛУШЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІ

38. Білім алушыға бағытталған оқыту академияда білім беру үдерісін ұйымдастырудың негізгі қағидаты болып табылады және білім алушылардың дербестігін қалыптастыруға, олардың сыни ойлауын, кәсіби және әмбебап құзыреттерін дамытуға бағытталған.

39. Академия сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және білім алушыларды жынысы, жасы, ұлты, тілі, әлеуметтік жағдайы, денсаулық жағдайы, діни сенімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша кемсітуге жол бермейді.

40. Білім алушыға бағытталған оқыту тәсілі білім алушылар мен оқытушылар арасындағы әріптестік қатынастар негізінде білім беру үдерісін құруды, Оқыту нәтижелері мен бағалау рәсімдеріне қойылатын талаптардың ашықтығын, сондай-ақ кері байланыстың тиімді механизмдерінің болуын көздейді.

Негізгі қағидалары

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-35-2025 27.11.2025 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u></p>	<p>52 беттің 16-ші беті</p>

41. Білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыру келесі принциптерге негізделеді:

- 1) білім алушылардың жеке білім беру қажеттіліктерін есепке алу;
- 2) Жеке білім беру траекториясын қалыптастыру;
- 3) білім беру бағдарламасы шеңберінде пәндер мен оқытушыларды таңдауға мүмкіндік беру;
- 4) әртүрлі педагогикалық әдістер мен білім беру технологияларын қолдану;
- 5) бағалау критерийлері мен рәсімдерінің ашықтығы;
- 6) тиісті академиялық сүйемелдеу кезінде білім алушылардың академиялық дербестігін дамыту;
- 7) білім беру үдерісіне қатысушылардың Академиялық адалдық және өзара сыйластық қағидаттарын сақтау.

Іске асыру механизмдері

42. Білім алушыға бағытталған оқыту арқылы жүзеге асырылады:

- 1) білім алушылардың білім беру бағдарламаларын талқылауға және жетілдіруге қатысуы;
- 2) білім алушылардың ішкі сапаны қамтамасыз ету рәсімдеріне қатысуы;
- 3) эдвайзермен бірлесіп жеке оқу жоспарын қалыптастыру;
- 4) білім алушыларға тұрақты сауалнама жүргізу және оқыту сапасын бағалау нәтижелерін талдау;
- 5) академиялық өтініштер мен шағымдарды қараудың белгіленген рәсімдерінің жұмыс істеуі;
- 6) Академияның алқалы басқару органдарында өкілдік етуі.

Академиялық өтініштерді қарау

43. Академия оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық құқықтарды бағалау және сақтау мәселелері бойынша білім алушылардың академиялық өтініштері мен шағымдарын қараудың ашық рәсімінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.


44. Өтініштерді беру және қарау тәртібі Академияның ішкі нормативтік актілерімен айқындалады.

Талаптардың жауапкершілігі

45. Білім алушылар білім беру бағдарламасының талаптарын, Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға және өздерінің білім беру траекториясын қалыптастыруға белсенді қатысуға міндетті.


46. Оқытушылар талаптардың ашықтығын, бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуге және білім алушыларға уақтылы кері байланыс беруге міндетті.

47. Академия білім алушыларға бағытталған оқыту қағидаларын іске асыру үшін қажетті жағдайларды, ресурстарды және ұйымдастырушылық тетіктерді қамтамасыз етеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

8. ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

48. Ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық тану, Академияның білім алушылары мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру, сондай-ақ білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Академияда Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша *оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес оқытудың бірыңғай кредиттік технологиясы* іске асырылады.
49. Оқу жылы Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес басталады және аяқталады.
50. Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта), аралық аттестаттау кезеңдерінен, кәсіби тәжірибелерден, демалыстардан, қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады. Оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби тәжірибелерді өткізу күндері, сонымен қатар демалыс күндері (каникулдар мен мереке күндері) академиялық күнтізбеде көрсетіледі.
51. Жазғы семестр қосымша оқуға, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жоюға, сондай-ақ оқу пәндерін меңгеруге және басқа ЖЖОКБҰ-да кредиттерді игеруге, оларды міндетті түрде өз ЖЖОКБҰ-да қайта есептеуге, сондай-ақ үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыруды қажет ететін білім алушылар үшін ұйымдастырылады.
52. Әрбір академиялық кезең білім алушылардың емтихан сессиясымен аяқталып, оның ұзақтығы кемінде бір аптадан тұрады.
53. Демалыс білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде екі рет беріледі, бітіру курсы қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде жеті апта болуы тиіс.
54. Білім берудің барлық деңгейлерінің ББ бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Оқуды аяқтаудың негізгі критерийі:
- бакалавриат – білім алушының барлық оқу қызметін қоса алғанда, оқу мерзімі сәйкесінше 4 жыл / 5 жыл (техникалық және кәсіптік білім беру базасында – 3 жыл; жоғары білім базасында – мерзімін комиссия анықтайды) және кемінде 240/300 академиялық кредитті меңгеруі;
 - ғылыми-педагогикалық магистратура – білім алушылардың оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті меңгеруі;
 - бейіндік магистратура – білім алушыларға оқу мерзімі 1 жыл ішінде оқу және эксперименттік-зерттеу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 60 академиялық кредитті меңгеруі;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 18-ші беті

– докторантуралар – білім алушылардың оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті меңгеруі.

9. ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ

55. Академиядағы оқу үдерісі кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында тәлімгердің, өндірістік оқыту шеберінің және тәжірибе жетекшісінің басшылығымен орындалатын теориялық және өндірістік оқыту мен өндірістік тәжірибені қамтиды.

56. Өндірістік оқыту мен кәсіби тәжірибенің нысандары, мазмұны мен көлемі тиісті бейін бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламаларының негізінде айқындалады.

57. Оқу үдерісін ұйымдастыру Академия бекіткен және кәсіпорынмен (ұйыммен) келісіліп, әзірленген ОЖЖ-ға сәйкес жүзеге асырылады.

58. Академия кәсіпорынмен бірлесіп оқу пәндері мен кәсіптік модульдердің жұмыс бағдарламаларына сәйкес таңдаған бейіні бойынша дуальды оқыту үдерісінде меңгерген білім алушылардың жалпы және кәсіптік құзыреттерін бағалау рәсімін ұйымдастырады.

10. ҮШ ТІЛДІ ОҚЫТУ

59. Академияда үш тілді білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Академия жыл сайын Оқу-әдістемелік кеңестің отырысында қаралатын және бекітілетін оқу тілінде, екінші тілде және ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің пайыздық арақатынасын дербес айқындайды.


11. ЖЕКЕ, ШАҒЫН ТОПТЫҚ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ САБАҚТАР

60. Бакалавриат ББ (Актерлік өнер, эстрада өнері, дәстүрлі музыкалық өнер) іске асыру кезінде білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде тұлғаға бағдарланған тәсілді тереңдету мақсатында білім алушылардың жеке, шағын топтық (үш адамнан тұратын топтарда) және топтық сабақтары (екі және одан да көп адамнан тұратын топтарда) көзделеді.

12. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

61. Академияда профессорлық-оқытушылық құрам (ПОҚ) мен білім алушылар үшін білім беру үдерісін қолдауды, академиялық қызметті басқаруды және білім беру үдерісіне қатысушылар арасында тиімді коммуникацияны қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық жүйелер жұмыс істейді.

62. «Platonus 6.0» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (ААЖ) әрбір

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-35-2025 27.11.2025 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>52 беттің 19-ші беті</p>

білім алушы мен оқытушыға олардың функционалдық міндеттеріне сәйкес қолжетімділік құқықтары шектелген жеке виртуалды кабинет ұсынылады.

63. Жүйе үшін қолданылады:

- білім алушыларды пәндерге тіркеу;
- үлгерім және сабаққа қатысу журналын жүргізу;
- жеке оқу жоспарын қалыптастыру және қарау;
- транскриптке және академиялық қарыздар туралы мәліметтерге қол жеткізу;
- қызметкерлер тарапынан оқу үдерісін басқару.

64. Platonus ААЖ оқу жетістіктерін есепке алу, жеке оқу жоспарларын қалыптастыру және білім беру бағдарламасының орындалуын бақылау мақсатында қолданылады.

65. LMS MOODLE жүйесі – қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және оқу материалдарымен алмасу үшін қолданылады.

66. Академия қызметкерлеріне арналған функционал:

- құжаттарды электрондық деканатқа орналастыру (Кафедра құжаттары, Оқу бағдарламалары, Бұйрықтар).

67. Академияның профессор-оқытушылар құрамына (ПОҚ) арналған функционал:

- Профессор-оқытушылар құрамының рейтингі (онда олардың жетістіктері ұпайларға аударылады. Осы рейтинг негізінде университет кімге сыйақы тағайындау керегін шешеді).

68. Білім алушыларға арналған функционал:


- Емтихан сессиясы кезеңінде тестілеуден өту (пәндер бойынша офлайн немесе онлайн тесттер).

13. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН (ҚБТ) ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ


69. Академияда оқытудың дәстүрлі түрімен қатар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 137 бұйрығына сәйкес қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) және аралас оқыту қолданылады. 6В021 – Өнер бағыты бойынша білім беру бағдарламасын іске асырудың дербес нысаны ретінде онлайн оқыту нысанында оқуға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 530 бұйрығына сәйкес жол берілмейді.

70. Төтенше жағдайлар кезінде Академия қашықтықтан білім беру технологияларын және аралас оқытуды білім беру формасын өзгертпестен қолданады. 6В021 – Өнер бағыты бойынша білім беру бағдарламасын онлайн-оқыту форматына толық аудару жүзеге асырылмайды.

71. Академияда қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) қолдана

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

- отырып оқу үдерісін ұйымдастыру келесі негізгі қағидаларға негізделеді:
- оқу үдерісінің білім беру және дамытушылық функцияларының біртұтастығы;
 - жеке және топтық оқу формаларын қолдану;
 - оқытудағы жүйелілік пен сабақтастық;
 - білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
 - білім алушылардың білімді меңгеруі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау;
 - шығармашылық даралықты дамыту және көрсету;
 - ҚБТ қолдану арқылы сабақтарда білім алушылардың белсенділігі үшін жағдай жасау;
 - қауіпсіздік, оның ішінде құпия ақпаратты қорғау, жалған ақпараттың таралуын болдырмау, оқу үдерісіндегі адалсыздық пен бұрмалануды жою сияқты кең ауқымды шаралар және т.б.
72. Академияда білім алудың күндізгі нысаны шеңберінде ҚБТ және аралас оқытуды қолдануға жол беріледі. 6B021 – Өнер бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын онлайн-оқыту нысанында (міндетті күндізгі компонентсіз 100% цифрлық формат) іске асыруға жол берілмейді.
73. Академияда қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқуға қабылдау «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
74. ҚБТ-ны қолдана отырып оқуға ниет білдірген адамдар білім беру ұйымы басшысының атына ҚБТ-ны пайдалана отырып оқуға рұқсат беру туралы еркін нысанда өтініш жазады, оның негізінде ректордың бұйрығы шығарылады.
75. Бұйрыққа қоса беріледі:
- 1) білім алушының өтініші;
 - 2) білім алушының жеке оқу жоспары.
76. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқуға қабылданушыларға қойылатын талаптар мен критерийлер білім беру бағдарламаларының жетекшілері тарапынан анықталады және Академия Ғылыми кеңесімен бекітіледі.
77. Академия білім алушыға білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін ұсынады.
78. Академиядағы оқу жылы академиялық күнтізбеге сәйкес ұйымдастырылады, академиялық кезеңдерден (екі семестрден) тұрады және белгіленген мерзімдерге сәйкес аяқталады. Қашықтықтан білім беру

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 21-ші беті

технологияларын қолдана отырып оқуға қабылданғаннан кейін білім алушыларға оқытуды басқару жүйесінің (LMS Moodle) жұмыс істеу қағидаларын түсіндіру бойынша кіріспе сабақтар өткізіледі және Пайдаланушы нұсқаулығы ұсынылады.

79. ҚБТ қолдану арқылы оқу үдерісі қашықтықтан оқыту форматы мен аралас оқытуды (blended learning) қамтиды:

1) Қашықтықтан білім беру форматы off-line және on-line режимінде курстың 80% және одан да көп электрондық немесе қашықтықтан білім беру компоненттерін білдіреді;

2) аралас оқыту off-line және on-line режимінде курстың электрондық немесе қашықтықтан білім беру компоненттерінің 30-дан 80%-ға дейін білдіреді.

80. Аралас оқытуды білім беру бағдарламалары үшін ұйымдастыру тиімді, егер олардың нәтижелеріне арнайы жабдықтар, шеберханалар, қымбат бағдарламалық камтамасыз ету, арнайы жабдықталған бөлмелер мен материалдар қажет болса. Мұндай талаптарға Академияның барлық білім беру бағдарламалары сәйкес келеді.

81. ҚБТ «on-line» және «off-line» режимдерінде қашықтықтан оқу сабақтарын өткізу арқылы жүзеге асырылады.


82. «On-line» режиміндегі оқу сабақтары цифрлық технологияларды қолдану арқылы (вебинарлар, видеоконференциялар, интернет арқылы хабарламалар алмасу) нақты уақыт режимінде оқу өзара әрекеттесу үдерісін қамтиды.

83. «Off-line» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы асинхронды түрде жүзеге асырылатын оқу өзара іс-қимыл үдерісін көздейді (бейне дәрістер, оқытуды басқару жүйесіндегі тапсырмалар, электрондық пошта, кейіннен аралық және/немесе қорытынды бақылауды тапсыра отырып, оқытушының тапсырмасы бойынша оқулықпен білім алушының жұмысы).

84. Білім алушының оқытушы-тьютордың жетекшілігімен орындаған өздік жұмысы пәннің барлық оқу материалдары бойынша интерактивті консультацияларды (чат, форум, онлайн сабақтар арқылы) және білім алушылардың теориялық материалды өз бетімен меңгеруін қамтиды.

85. Онлайн-курстарды меңгеруге білім беру бағдарламасының академиялық жетекшісімен алдын ала келісілген жағдайда ғана рұқсат етіледі және оқу нәтижелері кейін белгіленген тәртіппен қайта есептеледі. Білім алушыларға курстар туралы ақпарат, онлайн курстардың интернет-ресурстарына белсенді сілтемелер және платформаға қосылу алгоритмі (мысалы, өнер бойынша онлайн-курстар www.udemy.com) ұсынылады.

86. ҚБТ ұйымдастыру және өткізу кезінде білім алушының қатысуын оқытушы білім алушылардың әрқайсысының аккаунтынан ағынды бейнежазба негізінде, сондай-ақ пайдаланылатын платформа мен сервиске

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	52 беттің 22-ші беті

қарамастан онлайн-сессияға қатысушылардың іс-әрекеттері туралы деректер бойынша ескереді. Білім алушы барлық синхронды сабақтарға кесте бойынша қатаң түрде қатысуға және оларға басынан аяғына дейін қатысуға міндетті. Асинхронды сабақтарға білім алушы кез келген ыңғайлы уақытта, бірақ LMS Moodle-де оқытушы белгілеген қатаң белгіленген мерзімде (дедлайн) қатысуға міндетті. Пайдаланылатын платформа немесе сервис арқылы білім алушымен тұрақты визуалды байланыс болмаған жағдайда, оқытушы білім алушының сабаққа қатыспауын негізсіз деп тіркейді.

87. Сабақтарға (синхронды, асинхронды, БОӨЖ консультациялары) қатыспау жағдайында Академияның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес оқудан шығару рәсімі басталуы мүмкін. Бейнежазбаны жүргізуге мүмкіндік бермейтін техникалық қиындықтар туындаған жағдайда білім алушының сабаққа фактілік қатысуын растау міндеті оқытушыға жүктеледі (кезекті ауызша сауалнама, сабаққа қатысу деңгейін тексеру арқылы контенттік сауалнама, қатысу туралы жазбаша есеп және т.б.).


88. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту академия оқытушыларының басшылығымен білім алушылардың оқу пәндерін өз бетінше игеруін көздейді. Білім алушы оқу жоспарында көзделген барлық тапсырмалар мен пәндер бойынша талаптарды белгіленген мерзімде орындауға міндетті.

89. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуды іске асыруға тартылған оқытушылар оқытуды басқару жүйесінде (LMS Moodle) білім беру бағдарламасында көзделген оқу-әдістемелік материалдар мен пәннің өзге де компоненттерін уақтылы орналастыруға міндетті.

90. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып синхронды оқу формасын ұйымдастыру кезінде оқытушылар бекітілген кестеге сәйкес дәрістік, практикалық (семинар) және жеке сабақтарды өткізуге міндетті. Асинхронды оқу формасын іске асыру кезінде оқытушылар аптасына кемінде бір-екі рет оқу үдерісін басқару жүйесін (LMS Moodle) тексеруге, форумдар мен чаттарды модерациялауға, білім алушылардың өзіндік жұмысын (БӨЖ) тексеруге, білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы (БОӨЖ) бойынша консультациялар өткізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ бағаларды уақытылы және негіздеп қоюға міндетті. Оқытушылар LMS аналитикалық құралдарын және бейнеконференция жүйелерін пайдалана отырып білім алушылардың сабаққа қатысуын және оқу белсенділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру

91. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру білім алушылар мен оқытушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік материалдар орналастырылатын оқытуды басқару жүйесі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 23-ші беті

(LMS Moodle) арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық оқу материалдарына қол жеткізу тәулік бойы қамтамасыз етіледі.

92. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламаларын игеру академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

93. Жалпы білім беретін пәндер циклінің міндетті компоненті пәндерінің мазмұны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (МЖМБС) талаптарына сәйкес үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады.

94. Пәннің еңбек сыйымдылығы білім беру бағдарламасымен және оқу жоспарымен анықталады, академиялық кредиттерде көрсетіледі және МЖМБС талаптарына сәйкес келуі тиіс.

95. Егер академиялық күнтізбеде өзгеше көзделмесе, академиялық кезеңнің ұзақтығы 15 аптаны құрайды.

96. Білім алушының апталық оқу жүктемесі оқу жоспарымен айқындалады және МЖМБС белгілеген нормативтерден аспауға тиіс.

97. Қолданылатын қашықтықтан білім беру технологиялары білім беру бағдарламасында көзделген оқу жұмысының міндетті нысандарын сақтай отырып, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

98. Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру кезінде білім беру бағдарламасында көзделген негізгі оқу жұмыстары сақталады. Сонымен қатар вебинарлар, бейнедәрістер және басқа да цифрлық форматтар қолданылуы мүмкін.

99. Білім алушылар қашықтықтан білім беруге қатысу үшін қажетті ең аз техникалық жабдықтың (Интернет желісіне, аудио және бейне құрылғыға рұқсаты бар дербес компьютер немесе ноутбук) болуын дербес қамтамасыз етеді.


100. Қажетті жабдық болмаған жағдайда Академия оны білім алушыларға белгіленген тәртіппен уақытша пайдалануға беруге құқылы.

101. Академия білім алушыларға «ИРБИС64+» жүйесі арқылы электрондық кітапханаға тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Білім беру үдерісінде Clarivate Analytics, Springer, Elsevier, Scopus сияқты электрондық ресурстар мен Деректер базалары, сондай-ақ республикалық ғылыми-техникалық кітапхана материалдары пайдаланылады.

102. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту кезіндегі кәсіби тәжірибе Академияның ішкі нормативтік құжаттарына және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

103. Академия білім алушыларға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген кәсіби тәжірибенің барлық түрлерінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

104. Орындалатын функциялар білім беру бағдарламасының талаптарына

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	52 беттің 24-ші беті

және белгіленген сағат көлеміне сәйкес келген жағдайда, білім алушының бейіндік ұйымдағы жұмысы тәжірибе ретінде есептелуі мүмкін.

105. кәсіби тәжірибені ұйымдастыру Академияның бейінді ұйымдармен олардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан жасалатын шарттары негізінде жүзеге асырылады.

Қашықтықтан білім беру кезінде сапаны қамтамасыз ету және бағалау жүйесі

106. Академия оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді объективті бағалауды және жалғандықтар мен бұрмалаулардан қорғауды қамтамасыз ететін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін дербес айқындайды және ұйымдастырады. Осы мақсатта қолжетімділікті шектеудің электрондық әдістері, бағалаудың тәуелсіз нысандары (оның ішінде жазбаша жұмыстарды «соқыр» бағалау және кодтау), сондай-ақ аттестаттау комиссияларында жұмыстарды көпшілік алдында қорғау қолданылады.

107. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқыту кезінде үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, білім алушы мен оқытушының синхронды өзара іс-қимылы;
- автоматтандырылған тестілеу жүйелері;
- жазбаша және тәжірибелік жеке тапсырмаларды тексеру.


108. Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында емтихандарды өткізу кезінде прокторинг – онлайн-аттестаттау барысында білім алушының жеке басын байқау және сәйкестендіру рәсімі қолданылуы мүмкін. Прокторинг технологиялары жеке басын тексеруге, білім алушының іс-әрекетіне мониторинг жүргізуге және емтихан процесін жазуға мүмкіндік береді.

109. Ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысандарын пәннің мазмұнына сәйкес оқытушы айқындайды. Бағалау тапсырмаларының күрделілік деңгейі зерттелген материалға сәйкес келуі және оқу нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек. Бағалау материалдарын әзірлеуге пәнді жүргізетін оқытушы жауапты болады.

110. Емтихан сессиясына аралық бақылау нәтижелері бойынша оң рұқсат рейтингін алған білім алушылар жіберіледі (кемінде 50 пайыз). Пән бойынша қорытынды баға рұқсат рейтингін және қорытынды бақылау нәтижелерін бағалаудан қалыптастырылады.

111. Білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың әріптік балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады.

112. Академиялық қарыз болған жағдайда білім алушы оны Академия

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

белгілеген тәртіппен жоюға міндетті, соның ішінде жазғы семестр кезеңінде. 113. Жазғы семестр кезеңінде меңгерілген пәндердің нәтижелері үлгерімнің орташа балын (GPA) есептеу кезінде ескеріледі және транскрипте көрсетіледі.

114. Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және Академияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде өткізіледі.

115. Қорытынды аттестаттауды өткізу форматы (қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып не білім алушының міндетті түрде күндізгі қатысуымен) білім беру бағдарламасымен айқындалады және заңнама талаптарын сақтай отырып Академияның Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

116. Бағалау әдістері білім алушылардың белсенді қатысуын ынталандыруға және академиялық адалдықты қалыптастыруға бағытталған.

117. Бағалау тәсілдері пәннің ерекшелігіне және қолданылатын білім беру технологияларына байланысты өзгеруі мүмкін.

118. Жеке оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламасын меңгерген және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға білім туралы өз үлгісіндегі құжат беріледі.

Қашықтықтан білім берудегі визуалды этикет


119. Академияның оқытушылары мен білім алушылары қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, онлайн-сабақтар (бейнетаспа трансляциясы) өткізу кезінде іскерлік мінез-құлық және сөйлеу этикеті нормаларын сақтауға міндетті.

Сабақтарды өткізу барысында рұқсат етілмейді:

- іскерлік стильдің жалпы қабылданған нормаларына сәйкес келмейтін сыртқы түрі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін бейнелерді, рәміздерді немесе әрекеттерді көрсету;
- кадрда осы пән бойынша білім беру үдерісіне қатысушы болып табылмайтын бөгде адамдардың болуы;
- сабақты өткізуге кедергі келтіретін немесе білім беру үдерісіне қатысушыларды алаңдататын әрекеттер.

120. Белгіленген талаптар бұзылған жағдайда оқытушы не тиісті академиялық өкілеттіктері бар адам бұзушының сабаққа кіруін уақытша шектеуге және бұзушылық фактісін белгіленген тәртіппен тіркеуге құқылы.

121. Бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына байланысты мәселе ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдау үшін Академияның Тәртіптік кеңесінің қарауына берілуі мүмкін.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 26-ші беті

14. КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ

Бакалавриаттағы кәсіби тәжірибе.

122. Кәсіби тәжірибе білім беру бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

123. Кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ ұйымдарды тәжірибе базасы ретінде айқындау тәртібі Академия бекітетін *кәсіби тәжірибені ұйымдастыру және өткізу және ұйымдарды тәжірибе базасы ретінде айқындау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.*

124. Кәсіби тәжірибенің түрлері, көлемі, мерзімдері мен мазмұны білім беру бағдарламасымен және оқу жоспарымен айқындалады.

125. Бакалавриатта келесі кәсіби тәжірибенің түрлері қарастырылған:

- оқу;
- өндірістік;
- педагогикалық;
- дипломалды.

126. Кәсіби тәжірибе теоретикалық оқудан бос уақытта да, оқу жоспарына сәйкес академиялық кезеңмен де қатар өткізілуі мүмкін.

127. Кәсіби тәжірибеден өту мерзімдері академиялық күнтізбемен белгіленеді.

Магистратура мен докторантурадағы тәжірибе

128. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасына екі түрдегі тәжірибе кіреді, олар теоретикалық оқумен қатар немесе бөлек кезеңде өткізіледі:


- 1) базалық пәндер циклінде – ҚазҰӨА-да педагогикалық тәжірибе;
- 2) бейіндеуші пәндер циклінде – диссертацияны орындау орнында зерттеу тәжірибесі.

129. Педагогикалық тәжірибе оқыту мен үйрету әдістемесінің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте магистранттар ҚазҰӨА-да оқытушының ассистенті ретінде бакалавриаттың сабақтарын өткізуге қатысады.

130. Магистранттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, методологиялық және технологиялық жетістіктерімен, заманауи ғылыми-зерттеу әдістерімен, тәжірибелік деректерді өңдеу және талдау әдістерімен танысу мақсатында өткізіледі.

131. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндік пәндер цикліндегі өндірістік тәжірибені қамтиды.

132. Бейіндік пәндер цикліндегі өндірістік тәжірибе оқыту үдерісінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның білім беру бағдарламасы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 27-ші беті

бойынша тәжірибелік дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

133. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамаларына және зерттеу тәжірибелеріне жетекшілік етуді ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты және (немесе) философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) және (немесе) ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын оқытушылар жүзеге асырады және білім алушының оқу қызметінің осы түрлерінің бейініне сәйкес келетін ғылыми жарияланымдары бар ғылыми қызметкерлер мен тәжірибелік мамандар жүзеге асырады.

134. Тәжірибе бағдарламасы, базасы, мерзімдері және есеп беру нысаны магистранттың ғылыми жетекшінің басшылығымен әзірленетін жеке жұмыс жоспарына енгізіледі.

135. Кәсіптік даярлық бөлігінде докторантураның білім беру бағдарламалары PhD докторларын немесе бейіні бойынша докторларды даярлаудың аккредиттелген бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленеді.

136. Тәжірибе ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

137. Докторантураның білім беру бағдарламасы философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін педагогикалық және зерттеу тәжірибесін қамтиды.


138. Педагогикалық тәжірибе кезеңінде докторанттар бакалавриат пен магистратурада сабақ өткізуге, оның ішінде оқу курсына толық көлемде жүргізуге тартылады.

139. Докторанттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жана теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеуі, практикалық дағдыларын бекітуі, заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдануы, сондай-ақ диссертациялық зерттеу аясында эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау мақсатында өткізіледі.

140. Зерттеу тәжірибесінің мазмұны докторлық диссертация тақырыбымен айқындалады. Тәжірибе бағдарламасы, базасы, мерзімдері және есеп беру формасы докторанттың оқу мерзімінің бүкіл кезеңіне жасалатын жеке жұмыс жоспарына енгізіледі.

15. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

141. Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары және құзыреттері) халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге және оның сандық баламасына сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 28-ші беті

бағаланады (оң бағалар кему ретімен «А»-дан «D»-ға дейін, ал «қанағаттанарлықсыз» бағалары – «FX», «F»), сондай-ақ дәстүрлі бағалау жүйесіне сәйкестендіріледі.

142. Білім алушылардың оқу тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесімен бағаланады, оны дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыру 2-кестеге сәйкес жүзеге асырылады.


2-кесте.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және оны дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыру

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Ұпайлар %	Дәстүрлі жүйеде бағалау	Бағалау критерийлерінің жалпы сипаттамасы
A	4.0	95-100	Өте жақсы	Білім алушы жоғары деңгейде пәнді меңгеру шеберлігін көрсетеді. Бұл бағалау сыни ойлаудың дағдыларының жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады.
A-	3.67	90-94		
B+	3.33	85-89	Жақсы	Білім алушы оқу үлгерімінің өте жақсы деңгейін көрсетеді. Бұл бағалау сыни ойлау дағдыларының жақсы деңгейдегі көрсеткіші болып табылады.
B	3.0	80-84		
B-	2.67	75-79		
C+	2.33	70-74		
C	2.0	65-69	Қанағаттанарлық	Білім алушы оқу үлгерімінің төмен деңгейін көрсетеді. Бұл бағалау сыни ойлау дағдыларының тек ішінара меңгергендігінің көрсеткіші болып табылады.
C-	1.67	60-64		
D+	1.33	55-59		
D	1.0	50-54		
FX	0.5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	Білім алушы оқу үлгерімінің өте төмен деңгейін көрсетеді. Емтиханды қайта тапсыру үшін әлі де жұмыс жасау қажет.
F	0	0-24		

16. АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ МЕН АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

143. Білім алушылардың ағымдағы жетістіктерін бақылау және аралық аттестация оқу нәтижелерін жоспарланған деңгейде меңгеруді және пәндер бойынша құзыреттердің қалыптасу деңгейін белгілі бір уақыт аралығында бақылауға, оқу үдерісінің жоғары динамикасын қамтамасыз етуге, когнитивтік және психофизиологиялық, эмоционалды-эстетикалық және

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	52 беттің 29-ші беті

моральдық-ерік сипаттағы күрделі жаңа білім кешендерін қалыптастыру үшін қажетті оңтайлы кернеуді тудыруға бағытталған. Білім алушылардың ағымдағы жетістіктерін бақылау және аралық аттестацияны жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына», 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларына», сондай-ақ білім алушылардың ағымдағы жетістіктерін бақылау және аралық аттестацияны өткізу жөніндегі ережеге сәйкес жүргізіледі.

144. Бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастырудың негізгі қағидалары:

- ғылыми (сенімділік және жарамдылық);
- жүйелілік және дәйектілік;
- білім алушыға деген талапшылдық пен жеке тұлғалық құрметтің үйлесуі қағидасы;
- бақылау формалары мен әдістерінің оқытудың жоспарланған нәтижелеріне, әдістері мен мазмұнына сәйкестігі;
- білім алушылардың бақылау іс-шараларын жүргізу және бағалау процедураларының ашықтығы;
- бағалаудың әділдік пен объективтілік қағидасы;
- тиімділік пен жан-жақтылық қағидасы;
- Академиялық адалдық қағидасы оның барлық көріністерінде.

145. Академияда бақылаудың барлық түрлері критериалды бағалау технологиясын қолдана отырып жүзеге асырылады. Бұл технология мыналарды қамтиды:


- білім алушылардың жеке басы емес, тек оқу жұмысы ғана бағаланады;
- білім алушының оқу жұмысы алдын ала білім алушыларға хабарланатын бағалау критерийлері негізінде тексеріледі;
- бағалау тек білім беру бағдарламасында көзделген және білім алушылар меңгерген оқу қызметінің түрлері мен оқу материалдары бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушыға бағалауды есептеу нақты алгоритмі белгілі, соның арқасында ол өз оқу жетістіктерінің деңгейін өзі анықтай алады.

17. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

146. Академияның барлық бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар «Қазақстан тарихы» пәнін меңгеруді аяқтаған соң, сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

147. Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру мен өткізуді «Қазақстан тарихы

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 30-ші беті

және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы факультет деканатымен және Академияның Офис-тіркеуші бөлімімен бірлесіп жүзеге асырады.

148. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес өткізіледі

149. Мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін «Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісінің ұсынысы бойынша тиісті оқу жылы үшін мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі – МЕК) құрылады.

150. Мемлекеттік емтихан комиссиясының (МЕК) төрағасы мен құрамасы Академияның Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес ректордың бұйрығымен бекітіледі.

18. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

151. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 12 академиялық кредитін құрайды және 2022 жылы оқуға түскен білім алушылар үшін дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау нысанында жүргізіледі. 2023 жылдан бастап оқуға түскен білім алушылар үшін қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және дипломдық жұмысты немесе дипломдық/шығармашылық жобаны жазу және қорғау формасында өткізіледі.


152. Қорытынды аттестаттаудың ұзақтығы мен мерзімдері академиялық күнтізбе және білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларымен, сондай-ақ *білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу туралы ережеге сәйкес анықталады.*

Білім алушылар дипломдық жұмыс (жоба) орындаудың орнына келесі негіздер болған жағдайда екі кешенді емтихан тапсыруға құқылы:

- 1) денсаулық жағдайы бойынша стационарда ұзақ мерзімді емдеу;
- 2) I топтағы мүгедектікті немесе бала кезінен мүгедектікті қоса алғанда, ерекше білім беру қажеттіліктерінің болуы;
- 3) жүктілік немесе екі жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу;
- 4) хореография факультетінің білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, қорытынды аттестаттауды екі кешенді емтихан тапсыру түрінде өту мүмкіндігінің қарастырылуы.

153. Бұл ретте білім алушы Академия ректорының атына өтініш жазады және тиісті құжаттарды ұсынады. Дипломдық жұмысты (жобаны) қосымша кешенді емтихандар тапсыруға ауыстырудың басқа жағдайларына жол берілмейді.

154. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 31-ші беті

жазуды және қорғау рәсімін қамтиды. Бұл ретте дипломдық жұмыс (жоба) түлектің талдамалық және зерттеу қабілеттерін анықтауға және бағалауға бағытталған.

155. Дипломдық жұмыстар (жобалар) кафедра тарапынан плагиат тексерісінен өтеді.

19. ЖОО-ДАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

156. Магистратура және докторантура білім алушыларының қорытынды аттестаттауы академиялық күнтізбе және білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларында белгіленген мерзімдерде диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде жүргізіледі.

157. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты – жоғары білім беру бағдарламаларының білім алушыларының ғылыми-теориялық және зерттеу-аналитикалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын, сондай-ақ олардың дайындық деңгейінің кәсіби стандарт пен білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

158. *Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды қорытынды аттестаттау туралы Ережеге сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ББ үшін МЖМБС айқындаған нысандар бойынша жүргізіледі.*


20. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ РӘСІМІ

159. Білім алушыларды оқу пәндеріне Онлайн тіркеу «Платонус» ААЖ-да жүзеге асырылады. Тіркеу басталғанға дейін эдвайзерлер мен кафедра меңгерушілері элективті пәндер каталогы (ЭПК) негізінде пәндердің презентациясын өткізеді.

160. Тіркеу басталғанға дейін бітіруші кафедралардың меңгерушілері білім беру бағдарламаларының үйлестірушілерімен және эдвайзерлермен бірлесіп пәндерді таңдау мәселелері бойынша алдын ала әдістемелік және консультациялық жұмысты ұйымдастырады. Білім алушыларға пәндердің қысқаша мазмұны, оқытудың күтілетін нәтижелері, пререквизиттер мен Постреквизиттер туралы ақпарат беріледі.

161. Оқытушылармен таныстыру кездесулері өткізіледі, оған демонстрациялық сабақтар кіреді: бір көрсетілімдік дәріс және бір шеберлік сабағы.

162. Барлық іс-шаралар академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	52 беттің 32-ші беті

163. Білім алушы эдвайзермен бірлесіп алдағы академиялық кезеңде оқуға жоспарланатын пәндердің тізбесін айқындайды.

164. Тіркеуге қол жеткізу үшін қандай да бір пәнді оқу үшін талап етілетін барлық пререквизиттерден өту негіз болып табылады.

165. Білім алушының жеке оқу жоспарын эдвайзер мақұлдайды және академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде декан бекітеді. Білім алушының жеке оқу жоспары «Платонус» ААЖ-да электрондық форматта сақталады және білім алушыға қолжетімді болады.

166. Академиялық топтар осы пәнге тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша және белгілі бір шеберханалар мен сыныптарды дайындаудың ерекшеліктері мен әдістері қағидаты бойынша қалыптастырылады.

167. Академиялық ағындар мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны және олардың табыстылығының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу қағидаты бойынша, сондай-ақ тілдерді меңгеруіне байланысты білім алушы бір оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын) немесе бір мезгілде екі (үш) тілді ескере отырып, білім беру бағдарламасын таңдай алады.

168. Академиялық ағым мен топтың толықтығы Академия тарапынан анықталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін оқу үдерісін ұйымдастыру белгіленген тәртіппен бекітілген *өнер саласындағы инклюзивті білім туралы Ережеге* сәйкес жүзеге асырылады. Академиялық топтағы білім алушылардың ең аз талап етілетін санын АМЖҚ анықтайды.

169. Егер академиялық топтағы білім алушылардың саны белгіленген ең төменгі деңгейден аз немесе рұқсат етілген ең жоғары деңгейден көп болса, онда декан қайта тіркеу кезеңінде топты қысқарту немесе қосымша топ ашу туралы шешім қабылдауы тиіс.

170. Академиялық кезеңге арналған оқу сабақтарының соңғы кестесін Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор бекітеді. Академия кестені сабақ басталардан екі апта бұрын жариялайды.


171. Кесте бекітілгеннен кейін барлық өзгерістер Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың жазбаша рұқсатымен енгізіледі.

172. «Платонус» ААЖ-да білім алушылар академиялық қарыздың бар-жоғы туралы, сондай-ақ келесі академиялық кезеңге тіркелу, курсты немесе пәнді қайта оқу қажеттілігі туралы ақпарат ала алады.

Эдвайзер мен білім алушының бірлескен жұмысы

173. Эдвайзер міндетті:

– білім беру бағдарламасының талаптарын, Академия мен факультеттің саясаты мен рәсімдерін білу;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 33-ші беті


- білім алушының болашақ кәсіби бағытын және оның білім беру бағдарламасы шеңберіндегі құзыреттілігін қалыптастыруға жәрдемдесу, академиялық дайындық пен білім алушының өмірлік мақсаттары және болашақ кәсіби қызметі арасындағы өзара байланысты талқылау;
- білім алушыларға Академия мен факультет талаптары туралы өзекті және қажетті ақпаратты ұсыну;
- білім алушыларға оқу жылының әр семестріне білім беру бейінін жоспарлауға, оқуға түсу кезінде де, Академияға келу кезінде де шығармашылық жоғары оқу орындарының ерекшеліктерін ескере отырып, пәндерді таңдау кезінде шешімдер қабылдауға көмек көрсету;
- оқу үдерісіне бейімделуге және бағдарлануға қолдау көрсету;
- білім алушыларға оқу уақытын тиімді жоспарлауға жәрдемдесу;
- Академия әкімшілігі алдында білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіру және қорғау;
- білім алушылардың академиялық көрсеткіштерін жүйелі түрде қадағалау;
- белгіленген жеткілікті кеңсе сағаттарын сақтау арқылы білім алушыларға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- жекелеген білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне мұқият қарау.

174. Білім алушы міндетті:

- Академияның, факультеттің және кафедраның оны оқытуға байланысты саясатын және өзге де нормативтік құжаттарын білу;
- академиялық дәреже алу шарттарын орындау үшін оқу бағдарламасын жоспарлау;
- оқу нәтижелерін, игерілген кредиттерді және алынған бағаларды білу;
- Академияның ресми дереккөздерінде (сайт, «Платонус» ААЖ, LMS MOODLE және т.б.) орналастырылған оның оқу үдерісіне және Академияда болуына қатысты өзекті ақпаратты қадағалап, уақтылы алуға;
- оқу саласындағы жеке мақсаттар мен міндеттерге қатысты шешімдер қабылдау үшін, сондай-ақ академияны бітірудің талаптарын қанағаттандыру үшін өз жауапкершілігін түсіну;
- жеке бастама көтеруге және кеңес беру мен оқу үдерісін жоспарлауға белсенді қатысуға.

21. БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ПОҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

175. Академия білім алушыларының, профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығы білім беру және кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту, даярлау сапасын арттыру және халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялану мақсатында жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 34-ші беті

176. Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру тәртібі, қатысу шарттары, академиялық ұтқырлық нысандары, сондай-ақ академиялық ұтқырлық шеңберінде алынған оқу нәтижелерін тану және қайта есептеу тетіктері *Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Академиялық ұтқырлық туралы ережесімен реттеледі.*

22. ECTS ЖӘНЕ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ

177. ECTS – оқу, оқыту және бағалау процестерінің ашықтығы қағидатына негізделген, білім алушыға бағдарланған кредиттерді жинақтау және аудару жүйесі. ECTS кредиттері айқындалған оқу нәтижелері мен оларға байланысты оқу жүктемесі негізінде оқу көлемін білдіреді.

178. ECTS бойынша білім алушының жүктемесі – барлық жоспарланған оқу әрекеттерін орындауға қажет нақты уақыт.

179. Бір оқу жылындағы толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредит немесе кемінде 1800 академиялық сағаттан тұрады. Жазғы кезеңде білім алушы 16 ECTS-тен артық оқи алмайды. Кредиттер тек білім алушы жоспарланған оқу нәтижелерін игерген жағдайда беріледі.

180. Негізгі білім беру бағдарламасы аясында білім алушы оқу үшін бір немесе бірнеше қосымша білім беру бағдарламаларын (minor) таңдай алады.


181. Қосымша білім беру бағдарламасы (minor):

- оқуға түсу талаптары бар: GPA, оқытылған пәндердің болуы-пререквизиттер және т.б.;
- бірінен соң бірі оқылатын бірнеше пәндерден тұрады;
- жеке сертификаттау бағдарламасы ретінде ұсынылуы мүмкін (тындаушылардың әртүрлі санаттары үшін);
- пәндерді әр түрлі академиялық кезеңдерде біртіндеп («жинақтау жүйесі»), оқуға болады, бірақ сертификат алу үшін жүйелі түрде оқытылуы мүмкін;
- Білім алушы ЭПК-тан өздігінен таңдайды;
- білім беру бағдарламасы шеңберінде (minor пәндері үшін кредиттер негізгі бағдарламаның 240/300 ECTS-ке кіреді) және/немесе негізгі білім беру бағдарламасына қосымша оқуға болады.

Негізгі білім беру бағдарламасы аясында қосымша білім беру бағдарламаларын (MINOR) әзірлеу және жүзеге асыру туралы Ережеге сәйкес екіден артық майнор пәндерін оқу рұқсат етілмейді.

ECTS кредиттерін тану саясаты

182. Кредиттерді аудару – біліктілік алу мақсатында бір контексте (бағдарламада, оқу орнында), басқа ресми контексте алынған кредиттерді тану процесі. Білім алушыларға бір бағдарлама бойынша берілетін ECTS кредиттері сол немесе басқа оқу орны іске асыратын басқа бағдарламаға ауыстырылуы мүмкін.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже <u>нормативтік құжат түрі</u>

183. Кредиттерді тану оқыту нәтижелеріне, яғни білім алушының біліктілікті немесе оның компоненттерін аяқтауға әкелген ресми рәсімдерге емес, не істей алатынына негізделген.

184. Тану тиісті деңгейдегі оқытудың қол жеткізілген нәтижелері үшін алынған сынақ бірліктерінің саны басқа контексте сынақ бірліктерін беретін оқу орнында осы оқу нәтижелері үшін анықталған сынақ бірліктерінің санын ауыстыратынын білдіреді.

185. Мысалы, практикада академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқитын оқу орнында бір пән үшін 4 ECTS алынған болса, оқу нәтижелері эквивалентті болған жағдайда, олар Академиядағы бір пән үшін 5 ECTS-ке ауыстырылуы мүмкін.

186. Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды. Сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54 %) мен ең жоғары A (4,0; 95-100%) аралығында төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

187. Пәндер бойынша ECTS кредиттерін тану және қайта есептеу туралы шешімді бейіндік комиссия білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алған білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін, оқытудың қол жеткізілген нәтижелерін және бағалау нәтижелерін салыстыру негізінде қабылдайды.

188. Бейіндік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Кейбір жағдайларда комиссия пәнді қайта оқуды, басқа элективті пәнді оқуды, мазмұндағы айырмашылықты анықтау кезінде пән бойынша емтихан тапсыруды ұсынуы мүмкін. Офис-тіркеуші бөлімінің өкілі бейіндік комиссияның шешімі негізінде оқу жоспарлары бойынша пәндер айырмашылығын түзетеді.


189. Бейіндік комиссияның шешімі бойынша кредиттерді қайта есептеу жүргізілуі мүмкін:

- бакалавриат бағдарламасының білім алушылары-түлектеріне;
- ұқсас мамандықтар бойынша техникалық кәсіптік білімі бар білім алушыларға;
- бакалавриатта оқыған кезінде магистратураның оқу бағдарламасының пәндерін меңгерген магистранттарға.

190. Пәндер тізбесі және кредиттерді қайта есептеуге қойылатын талаптар Академияның сәйкестік кестесінде жазылады.

23. АКАДЕМИЯДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

191. Академия білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 36-ші беті

қағидаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, басқа ЖЖОКБҰ-дан Академияға, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір бейіннен екіншісіне бір білім беру бағдарламасы ішінде жүзеге асырылады.

192. Білім алушыны бір ББ-дан екіншісіне, оқытудың бір түрінен екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Академияның академиялық күнтізбесіне сәйкес жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

193. Академияның білім алушысы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, оқудан шығару мерзіміне қарамастан, оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

194. Білім алушыны ақылы оқу негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру оқу үдерісінде босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

195. Білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштерін академиялық айырмашылықты анықтау үшін Академия ректоры бекітетін бейіні бойынша комиссия қарайды.

196. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы бұйрықты Студенттік контингентпен жұмыс бөлімі және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі дайындайды және тиісті академиялық кезең басталғанға дейін академиялық күнтізбеге сәйкес Академия басшысы бекітеді.


197. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған пререквизиттерін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылық анықталады.

198. Академиялық айырмашылық Академияның ағымдағы оқу жылына арналған «Бір академиялық кредит құнын бекіту» туралы бұйрығына сәйкес, ББ-ның 1 академиялық кредит құны негізінде ақылы түрде өтеледі.

Шетелдік жоғары білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезіндегі тәртіп

199. Шетелдік жоғары білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мыналар қажет:

- 1) меңгерілген білім беру бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);
- 2) Алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат; шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар білім алушы оқуға қабылданғаннан кейін бірінші академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тану рәсімінен өтеді.
- 3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 37-ші беті

нәтижелері.

Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу тәртібі

200. Білім алушыны басқа ЖЖОКБҰ-дан Академияға ауыстыру үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

- 1) Академия ректорының атына белгіленген нысан бойынша ауысу туралы өтініш;
- 2) транскрипттің көшірмесі;
- 3) белгіленген нысандағы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) сертификаты, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың нәтижелері;
- 4) өтініш беруші білім алып жатқан ЖЖОКБҰ-дан берген, ресми бланкіде рәсімделген және мөрмен куәландырылған (бар болған жағдайда) ауысуға жазбаша келісім.


201. Білім алушыны басқа ЖЖОКБҰ-дан Академияға ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) Академия құжаттармен қамтамасыз ету бөлімі құжаттар топтамасын қабылдайды, тіркейді және тиісті құрылымдық бөлімшеге жолдайды;
- 2) Офис-тіркеуші бөлімі бейіндік комиссияның шешімі және ұсынылған құжаттар негізінде пәндердегі академиялық айырмашылықты айқындайды, меңгерілген пререквизиттерді ескере отырып, оқыту курсы белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес бұрын игерілген кредиттерді қайта есептеуді жүзеге асырады және білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;
- 3) кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының, АМЖҚ басшысының, ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысының, офис-тіркеуші бөлімінің басшысының, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың келісімдері негізінде Академия ректоры білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады;
- 4) Бұйрық шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Академия білім алушы бұрын оқыған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына оның жеке ісін жіберу туралы ресми сұрау жолдайды. Сұрауға ауыстыру туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

Оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысына ауыстыру тәртібі

202. Білім алушыны оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру жүзеге асырылады:

- 1) жоғары білім алу процесінде босатылған мемлекеттік тапсырыс бойынша бос білім беру орындары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі. Конкурс барлық оқу кезеңінде GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) үлгерімінің орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 38-ші беті

өткізіледі;

2) Ашық конкурс туралы хабарландыру Академияның сайтында (білім беру порталында) білім беру бағдарламалары мен курс бөлінісінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бос орындар саны көрсетіле отырып орналастырылады.

3) GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) үлгерімінің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, артықшылық алдымен тек «А», «А–» («өте жақсы»), одан кейін «В+», «В» («жақсы»), кейін «В–», «С+» бағалары бар білім алушыларға беріледі, сондай-ақ бүкіл оқу кезеңіндегі бағалардың арақатынасы ескеріледі. Сонымен қатар, аз қамтылған отбасылардан шыққан жетім балаларға, білім алушылардың ҚР ҒЖБМ ҒЗЖ конкурстарына, ҚР ҒЖБМ жыл сайынғы республикалық пәндік олимпиадаларына қатысуына, республикалық және халықаралық шығармашылық конкурстардағы жеңістеріне, өзге де шығармашылық және ғылыми жетістіктеріне назар аударылады. Өзге де тең жағдайларда Академияның қоғамдық және шығармашылық өміріне, студенттік өзін-өзі басқару жұмысына белсенді қатысатын білім алушыларға басымдық беріледі.

203. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үдерісінде босатылған бос бюджеттік орындарды беру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде (ағымдағы жылғы бекітілген Академиялық күнтізбе бойынша) жүзеге асырылады.


204. Білім алушылардың ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы өтініштерін қарау үшін факультет декандары, проректорлар және Академияның құрылымдық бөлімшелері өкілдерінен комиссия құрылады. Комиссия төрағасы Академия ректоры болып табылады.

205. Академияда білім алу үдерісінде босатылған мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытудың ақылы нысанынан оқытуға ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) білім алушы Академия ректорының атына өтініш береді;
- 2) білім алушының өтініші бойынша Академияның офис-тіркеуші бөлімі барлық оқу кезеңі бойынша аралық аттестаттау нәтижелері негізінде үлгерімнің орташа балын (GPA) анықтайды;
- 3) келіп түскен өтініштер комиссия отырысында қаралады және Академияның Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

206. Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 5 тамызы мен 25 қаңтарына дейінгі мерзімде Офис-тіркеуші бөлімі ҚР МАМ-ға мемлекеттік тапсырысты беру үшін үміткерлердің тізімін жолдайды. Тізімге келесі құжаттар қоса беріледі:


- 1) білім алушының өтінішінің көшірмесі;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 39-ші беті

- 2) Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі;
 - 3) кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын білім алушының транскрипті;
 - 4) білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірме;
 - 5) мемлекеттік тапсырысқа үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 6) оқудан шығарылған білім алушының мемлекеттік тапсырыс иесінің куәлігі (түпнұсқасы);
 - 7) Академиядан шығару туралы бұйрықтан үзінді көшірме.
207. Нақты бір білім беру бағдарламалары тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, жоғары білім алу үдерісінде босатылған мемлекеттік тапсырыс бойынша бос орындар жазғы және қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша даярлау бағыты ішінде конкурстық негізде беріледі;
208. Мәселе оң шешім тапқан жағдайда, ҚР БҒМ ауыстыру туралы бұйрық жібереді. ҚР БҒМ бұйрығы негізінде Академия ректоры мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша әрі қарай оқыту туралы бұйрық шығарады.
209. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша әрі қарай оқыту туралы бұйрықтың көшірмесі Академияның заң бөліміне білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу үшін жіберіледі, шартта білім алушының оқу бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жұмыс істеуі көрсетіледі.

24. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

210. Білім алушыларға академиялық демалыс беру Академияның ішкі нормативтік құжаты болып саналатын «Білім алушыларға академиялық демалыс беру ережелері» бойынша жүзеге асырылады.
211. Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы бекітілген нысан бойынша өтініш береді.
212. Академиялық демалыс білім алушыға келесі негіздер бойынша беріледі:
- 1) науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындылары;
 - 2) әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағаздары;
 - 3) бала үш жасқа толғанға дейін туу, асырап алу.
213. Ұсынылған құжаттар негізінде Студенттік контингентпен жұмыс бөлімі үш (3) жұмыс күні ішінде білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрық жобасын дайындайды.
214. Академия ректоры білім алушыға академиялық демалыс беру туралы,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
		Ереже нормативтік құжат түрі

оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсететін бұйрық шығарады.

215. Білім алушы академиялық демалыстан шыққаннан кейін бекітілген форма бойынша өтініш береді.

216. Сырқаты бойынша академиялық демалыста болған білім алушы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындымен денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысын ұсынады.

217. Ұсынылған құжаттардың негізінде Академияның Студенттік контингентпен жұмыс бөлімі 2/ екі / жұмыс күні ішінде білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрықтың жобасын дайындайды.

218. Академия ректоры білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарады.

219. Академиялық демалыстан оралған білім алушы оқуын демалысты рәсімдеген курстан (және академиялық кезең) бастап жалғастырады.

220. Білім алушы жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындайды және қабылдау рейтингі үшін қажетті балл жинайды немесе жазғы семестрде айырмашылық қалыптасқан пәндерге жазылады.

221. Академиялық айырмашылық оқу түріне қарамастан ақылы негізде тапсырылады.

222. Айырмашылықты жою үшін білім алушы ағымдағы оқу сабақтарымен қатар академиялық кезең бойы барлық оқу сабақтарына қатысып, берілген модуль бойынша оқу тапсырмаларын орындайды, осы пәндер (модульдер) бойынша жұмыс оқу жоспары бойынша барлық аралық және бақылау түрлерінен өтеді, қатысуға рұқсат алады және академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылауды тапсырады.


223. Академиялық демалыс мерзімі аяқталғаннан кейін академиялық демалыстан шығу туралы құжаттарды мерзімінде ұсынбаған білім алушы Академиямен байланысын жоғалтқаны үшін оқудан шығарылады.

224. Академияның Студенттік контингентпен жұмыс бөлімі білім алушының академиялық демалыстан шығу туралы бұйрық көшірмесін және білім алушының жеке куәлігінің көшірмесін білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу үшін Академияның заң бөліміне ұсынады.

225. Академияның заң бөлімі білім алушымен білім беру қызметтерін көрсету туралы екі тілде жасалған шартты рәсімдейді және тіркейді. Шарттың бір көшірмесі білім алушыға беріледі, екінші көшірмесі Академияның Студенттік контингентпен жұмыс бөліміне тапсырылады.

25. ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ

226. Мемлекеттік шәкіртақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	52 беттің 41-ші беті

ауыстырылған, емтихан сессиясы немесе аралық аттестаттау нәтижелері бойынша «жақсы», «өте жақсы» бағаларына тең балл алған жағдайда білім алушыларға, магистранттарға, тағайындалады.

227. Шәкіртақы академиялық күнтізбеге сәйкес семестр аяқталатын айдың соңына дейін қоса алғанда, емтихан сессиясынан немесе білім алушылардың аралық аттестаттауынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап ай сайын төленеді. Егер сессия қорытындысы бойынша білім алушының бағалары тек «өте жақсы» болса, келесі семестрде білім алушы 15%-ға жоғарылатылған шәкіртақы алады.

228. Бірінші семестрде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бірінші курсқа (бірінші оқу жылына) қабылданған білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және академиялық күнтізбеге сәйкес бірінші семестр ішінде ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының немесе білім алушыларды өткен семестрге аралық аттестаттаудың қорытындылары бойынша тағайындалады және төленеді.


229. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша көру және есту қабілеті нашар мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі немесе білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары болмаған жағдайда төленеді.

230. Дәлелді себептермен (ауру, отбасылық жағдайлар, төтенше жағдайлар) белгіленген мерзімде емтихан тапсырмаған білім алушылар мен магистранттар растайтын құжаттарын ұсынғаннан кейін Академия ректоры емтихан тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді. Мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау Академия білім алушыларына шәкіртақы тағайындау туралы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

231. Білім алушылардың, магистранттардың академиялық демалыста болған кезеңінде медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, мемлекеттік шәкіртақы төленбейді.

232. Академиялық демалыстан оралған білім алушылар мен магистранттарға мемлекеттік шәкіртақы тағайындау және төлеу Академияның білім алушыларға шәкіртақы тағайындау ережелерінде белгіленген тәртіппен, келесі (кезекті) емтихан сессиясы немесе аралық аттестаттау нәтижелері бойынша және академиялық айырмашылық болмаған жағдайда жүргізіледі.

233. Медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген білім алушыларға, магистранттарға және докторанттарға академиялық демалыс кезеңінде мемлекеттік шәкіртақы мөлшері білім алушылар,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 42-ші беті

магистранттар және докторанттар шәкіртақының 50 % (мүгедектігі бар тұлғаларға – 75 %) мөлшерінде тағайындалады.

Мемлекеттік шәкіртақыны жоғарылату мөлшері

Р/с №	Стипендиаттар тізбесі	Пайыздық жоғарылату мөлшері
1	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға	75
2	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген білім алушыларға, магистранттарға	50
3	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (қорғаншылығындағы) балалар қатарындағы білім алушыларға, магистранттарға	30
4	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «үздік» деген бағалары бар білім алушыларға, магистранттарға	15

ҚР Президенті тағайындайтын шәкіртақыны тағайындау және төлеу тәртібі


234. Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген шәкіртақы Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде күндізгі оқу нысанында білім алатын ең дарынды білім алушылар мен магистранттарға төленеді.

235. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын өнер саласындағы ЖЖОКБҰ арасында шәкіртақылар санын бөледі.

236. Шәкіртақы мыналарға бағытталған:

- 1) білім алушылар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- 2) ең талантты және дарынды білім алушылар мен магистранттарды қолдау;
- 3) зияткерлік әлеуетті қалыптастыруға жәрдемдесу.

237. Шәкіртақы күндізгі оқу формасындағы білім алушыларға 3-курсынан бастап және магистранттарға 2 курсынан бастап, тек «өте жақсы» (А, А-) баға алған білім алушылар мен магистранттарға тағайындалады, мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында немесе ақылы негізде білім алатындарға да

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 43-ші беті

беріледі.

238. Шәкіртақы келесі санаттағы білім алушыларға тағайындалады:

- 1) Республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық байқаулардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздарына немесе жаңа ашылулардың, өнертабыс авторлары болып табылатын жеңімпаздарға;
- 2) ғылыми еңбектер жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар білім алушыларға;
- 3) жетістіктері дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді айналысатындарға;
- 4) Академияның қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатын білім алушыларға.

239. Шәкіртақы тағайындау Академия ректорының бұйрығымен, Ғылыми кеңестің шешімі негізінде, ағымдағы жылға арналған Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген шәкіртақыларды жоғары оқу орындары арасында бөлу туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

240. Факультет декандары қысқы және жазғы емтихан сессияларының қорытындылары бойынша факультет кеңесінің хаттамасы негізінде білім алушының транскрипті, грамоталары мен сауалнамасының көшірмелерін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысын тағайындау туралы қызметтік хаттарды ұсынады.

241. АМЖҚ басшысы ағымдағы жылға арналған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген шәкіртақыларды жоғары оқу орындары арасында бөлу туралы» бұйрығына сәйкес мәселені Ғылыми кеңестің қарауына шығарады.

242. Ректор Ғылыми кеңестің шешімі негізінде ҚР Президенті тағайындаған шәкіртақыларды тағайындайды.


243. Шәкіртақы уәкілетті орган бекіткен шәкіртақылар санынан кейін ректордың бұйрығымен тағайындалады.

244. Академияның Ғылыми Кеңесінің шешіміне сәйкес шәкіртақы бір адамға бірнеше рет берілуі мүмкін.

245. Шәкіртақылар тағайындалғанда үміткерлерді іріктеу критерийлердің реті бойынша жүзеге асырылады. Бірдей жағдайда басымдық беріледі:

- 1) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) Бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға және мүгедек балаларға.

246. Шәкіртақылар төлемі республикалық бюджеттің тиісті қаржылық жылға арналған қаражаты шегінде ай сайын жүргізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 44-ші беті

26. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

247. Оқу үдерісінің негізі Академиялық адалдық болып табылады және оны жүзеге асыруды Академия қамтамасыз етеді.


248. Академиялық адалдықтың негізгі қағидалары:

- 1) академиялық жұмыста адалдық пен өзара құрметті қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;
- 2) жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділ және объективті қағидаларын бекіту;
- 3) басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігі мен тәртібін айқындау жолымен білім алушыны оқытудың тұрақты және үздіксіз траекториясын қамтамасыз ету;
- 4) академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде оқытушының өз білім алушыларына құрмет көрсетуі;
- 5) академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесіне қатысушыларды көтермелеу және ынталандыру;
- 6) оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды айқындауы;
- 7) оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлерін айқындауы;
- 8) академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдау;
- 9) білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін әрі академиялық адалдықтың бұзылуына жол бермейтін академиялық орта құру;

249. Академия академиялық адалдықты оқу үдерісінің әрбір қатысушысының оқыту мен бағалау барысындағы жеке адалдығын дамытатын құндылықтар мен қағидалардың жиынтығы ретінде қарастырады. Бұл сондай-ақ жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандарды, эсселерді, зерттеулерді, презентацияларды орындау кезіндегі лайықты мінез-құлықтан көрініс табады.

250. Академия білім алушылар мен оқытушылардың барлық академиялық жұмыстарына қатысты жоғары этикалық қағидаларды ұстанады. Бұл көшіру, плагиат және өзге де әдепке жат мінез-құлық түрлерінің жол берілмейтінін білдіреді. Төмендегі әрекеттер академиялық адалдықты бұзу болып табылады:

- 1) Плагиат – басқа адамның идеяларын, тұжырымдарын немесе зерттеу нәтижелерін тиісті дереккөзге сілтеме жасамай иелену немесе көшіру;
- 2) Алаяқтық – әріптестерге, оқытушыларға немесе білім алушыларға біле

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 45-ші беті

тұра жалған ақпарат беру;

3) Саботаж – басқа адамдардың немесе бүкіл топтың өз жұмысын орындауына кедергі жасау, процестерді немесе процедураларды толық бұғаттау (мысалы, басқа бөлімдер немесе топтардың жұмысын тоқтатуға әкелетін өз кезеңіндегі функциялар мен міндеттерді дұрыс орындамау; кітапхана әдебиеттерінен басқа білім алушыларға қажетті ақпаратты алуға кедергі келтіретін беттерді жұлып алу, жобаның немесе тапсырмалардың орындау мерзімдерін бұзуға әкеп соққан зерттеудің бір бөлігін ортақ жобада орындамау және т.б.);

4) Фабрикация – академиялық және/немесе зерттеу үдерісіне байланысты сұраныстар, тапсырмалар шеңберінде ресми ұсынылған кез келген деректерді, ақпаратты бұрмалау;

5) Көшіру – шпаргалкаларды, ұялы телефондарды немесе басқа тыйым салынған техникалық құралдарды пайдаланудың кез келген әрекеті.

251. Білім алушылардың және ПОҚ-ның жазбаша жұмыстарды өздігінен орындауын бақылау мақсатында Академияда ақпаратты алу дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» ашық қолжетімділік жүйесі (<http://www.strikeplagiarism.com>) қолданылады.


252. Академияда білім алушылар мен ПОҚ-ның жазбаша жұмыстарды өздігінен орындауын тексеру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жалпы басқаруды Ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры жүзеге асырады.

253. Жоғарыда көрсетілген фактілердің кез келгені анықталған жағдайда білім алушыны оқудан шығаруға, оқытушыны немесе қызметкерді жұмыстан босатуға дейінгі тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады. Алайда, алдын алу шаралары басым шаралар болып табылады, осыған байланысты академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын және оны бұзудың салдарын түсіндіру бойынша тұрақты іс-шаралар жүргізіледі. Сондай-ақ, бұл принциптер мен салдар пәндердің оқу бағдарламаларында сипатталады және білім беру процесінің әр қатысушысының назарына жеткізіледі.

27. УАҚЫТ НОРМАСЫ

254. Академияның жұмыс түрлері бойынша профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормасы ПОҚ еңбегін ұйымдастыру кезінде негіз болып табылады және оқу жылының басынан бастап қолданысқа енгізіледі.

255. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормасының негізгі мақсаты оқытушылардың еңбегін ұтымды пайдалану және оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық, ұйымдастырушылық-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жоғары

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-35-2025 27.11.2025 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>52 беттің 46-ші беті</p>

сапасын қамтамасыз ету мақсатында профессор-оқытушылар құрамы арасында әртүрлі жұмыс түрлерін бөлу орынды болып табылады.

256. Профессорлық-оқытушылық құрамның педагогикалық жүктемесін есептеу үшін уақыт нормалары ПОҚ жұмысының көлемін қалыптастыру және атқаратын лауазымын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарында айқындалған қызметтің барлық түрлерін орындау үшін негіз болып табылады.

257. Академияның профессор-оқытушылар құрамының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, оқытушының кәсіби стандартымен, Академия Жарғысымен, еңбек шартымен, ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

258. ПОҚ-ның орташа жылдық жүктемесі білім алушылар контингентіне және Академияның оқу жұмысының жылдық көлеміне қарай анықталады. Академияда білім алушылар контингентінің сандық құрамының бір оқытушыға шаққандағы арақатынасы мынадай нормативтерге сәйкес келеді:

- бакалавриатта – 3,5:1;
- магистратурада – 6:1;
- докторантурада – 4:1.

259. Кафедра штаты ПОҚ жұмыс көлемі мен орташа жылдық педагогикалық жүктемесі негізінде анықталады және Академияның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

260. Есептеулердің дұрыстығы және олардың бастапқы деректерге (жұмыс оқу жоспарына, білім алушылар контингентіне, бекітілген нысандарға) сәйкестігі үшін кафедра меңгерушілері жауапты болады.

261. Ұзақ сырқаттану кезінде, іссапарда, біліктілігін арттыруға жіберу кезеңінде оқытушы оқу жүктемесінің барлық түрінен босатылады.


Оқу жүктемесін жоспарлау

262. ПОҚ-ның оқу жүктемесін жоспарлау кредиттерде және (немесе) сағаттарда жүзеге асырылады, олар оқытушының білім алушылармен аудиториялық сабақ кестесі бойынша немесе басқа оқу жұмыстарының жеке бекітілген кестесі бойынша байланыс уақытын білдіреді.

263. Білім алушылар контингенті негізінде жоспарлы-экономикалық бөлім оқу жылына арналған ПОҚ штат бірліктерінің санын анықтайды.

264. Белгіленген мерзімде кафедра меңгерушілері педагогикалық жүктеменің жалпы көлемін кафедра оқытушылары бойынша бөледі және оны штаттық кестеге сәйкес лауазымдарын көрсете отырып, педагогикалық жүктемелердің жалпы көлемін бекіту үшін Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке ұсынады.

265. Кафедраның оқу жүктемесінің көлемі кафедра меңгерушісінің, факультет деканының, АМЖҚ басшысының және Оқу және оқу-әдістемелік

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 47-ші беті

жұмыс жөніндегі проректордың қолдарымен бекітіледі.

266. Келісілген құжат Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет арқылы Академияның Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынылады.

Дипломдық жұмыстарға басшылық ету

267. Білім алушылардың дипломдық жұмыстарына (жобаларына) басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар және (немесе) даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын, кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар мамандар жүзеге асырады.

268. Көркемдік жетекші басшылар санатына жатады.


269. Дербес шығармашылық шеберхананың қызметіне басшылықты ғылыми-педагогикалық және шығармашылық жұмыста мол тәжірибесі бар академияның жетекші ғалымдары мен өнер шеберлері, әдетте профессорлар, доценттер, аға оқытушылар қатарынан ғылыми-шығармашылық басшы жүзеге асырады.

270. Білім алушының дипломдық жұмыстарына (жобаларына) басшылық ету ОЖЖ сәйкес жоспарланады.

271. Соңғы бес жылда 5 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын, сұратылып отырған бағыт бейініне сәйкес келетін ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі бар немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі бар магистранттарға ғылыми басшылық етуді жүзеге асыру, JCR (ТҚЖ) деректері бойынша импакт – факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index дерекқорларының бірінде Web of Science Core Collection (Дэб оф Сайнс Кор Коллекшн) индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – басылымдар тізбесі) бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін және 1 ғылыми мақаланы жариялау үшін citescore бойынша процентиль (сайтскор) Scopus (Скопус) деректер базасында кемінде 25.

272. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – ҒЗЖМ (ЭЗЖМ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жана түрлерімен танысу мақсатында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет бағыттарындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделеді.

273. Докторантура бойынша ғылыми жетекшілік кадрлар даярлау бағытының бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты», «ғылым докторы», «философия докторы (PhD)», «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	52 беттің 48-ші беті

немесе «философия докторы (PhD)», «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл болатын және төмендегілердің авторы болып табылатын оқытушы тарапынан жүзеге асырылады:

- Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген бейіні бойынша басылымдардағы 5 ғылыми мақала және JCR (ТҚЖ) деректері бойынша импакт – факторы бар немесе Science Citation Index expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы 1 ғылыми мақала Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында citescore (сайтскор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35; 274. Магистранттың/докторанттың педагогикалық және зерттеу практикасына басшылық жасау магистрлік / докторлық диссертация жетекшісіне жоспарланады;
- 275. Кафедра ПОҚ жүктемесін жоспарлау кезінде жылдық жүктеменің семестрлер бойынша біркелкі бөлінуін қамтамасыз етеді.


Бейіндер бойынша жеке сабақтар

276. «Актерлік өнер», «Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер» және «Аудиоөндіріс» ББ бейіндері бойынша негізгі және бейінді пәндердің ерекшеліктеріне байланысты оқу материалының меңгерілуін қамтамасыз ету үшін интеграцияланған пән құрамына 1 немесе 2 кредиттік пәндерді қосуға рұқсат етіледі.

Сағаттық оқу жүктемесін жоспарлау және есепке алу тәртібі

277. Еңбекақы төлеу көзі еңбекақы төлеудің сағаттық қоры болып табылады, оның 7%-ы мөлшерінде еңбекақы төлеу қорына пайыздық арақатынаста есептеледі.

- 1) Академия бойынша алдағы оқу жылына сағаттық ақы төлеу шарттарында жұмыс істеу үшін жоспарланатын оқу жүктемесінің көлемін Академия ректоры ПОҚ-тың штат кестесімен бірге бекітеді.
- 2) оқытушының оқу жүктемесін сағаттық еңбекақы төлеу жағдайында орындауы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі және оқу жылы үшін 225 сағаттан аспауы тиіс.
- 3) басқа ЖЖОКБҰ-дан тартылған АҚ төрағаларына, сондай-ақ келісімшарт бойынша 31.12.2015 жылғы №1193 қаулысына сәйкес сағаттық бірлік бойынша өндірістен тартылған мамандарға ақы төлеу қамтамасыз етіледі.
- 4) шақырылған мамандардың, сондай-ақ бейінді ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмыс істеп жүрген басшылары мен қызметкерлерінің таңдауы бойынша пәндер мен курстарды өткізуі көрсетілген қызметтер көлеміне сәйкес шарт бойынша ақы төленеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	<u>Ереже</u> <u>нормативтік құжат түрі</u>	53 беттің 49-ші беті

5) Академия тарапынан өз бетінше өткізілетін негізгі оқу бағдарламаларына қабылданушылардан қабылдау емтихандарын өткізуге байланысты жұмыстар;

б) оқу жылы ішінде оқу жүктемесін түзетуге, бөлімдердің штатындағы өзгерістерге немесе бір жұмыс аптасынан (6 жұмыс күні) ұзақ, бірақ екі айға дейінгі мерзімге ауру немесе басқа да орынды себептер бойынша жоқ болатын оқытушылардың қызметін алмастыруға байланысты кафедраларға қосымша оқу жүктемесі жүктелуі мүмкін;

278. Кафедраларға сағаттық еңбекақы төлеу жағдайында бөлінетін оқу жүктемесі сағаттарының санын кафедра менгерушілерінің ұсынуы бойынша кафедраның жалпы жүктемесі шегінде АМЖҚ белгілейді және Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры бекітеді.

279. Қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығы, жүктілік және босану бойынша демалыс кезеңінде сағаттық еңбекақы төлеу жағдайында оқу жұмысын орындауға жол берілмейді.

280. «Эстрада өнері» және «Дәстүрлі музыкалық өнер» ББ бойынша концерттік-орындаушылық практика үшін эстрадалық-джаз оркестрі мен халық аспаптар ансамблін сүйемелдеу көзделген. Бұл ұжымдарды жинақтау үшін жеке орындаушылар-аспапшылар (иллюстраторлар) сағаттық еңбекақы төлеу шарттарымен сырттан шақырылады.

28. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ


281. Академиялық саясатқа өзгерістер енгізу ДП 017-7.06-2023 «Құжатталған ақпаратты басқару тәртібі» атты құжатталған процедураға сәйкес жүзеге асырылады.

282. Осы Академиялық саясатқа өзгерістерді енгізу оны әзірлеуші тарапынан Академиялық саясатты әзірлеу және бекіту тәртібімен бірдей тәртіпте жүзеге асырылады.

283. Академиялық саясатқа өзгерістер келесі жағдайларда енгізілуі тиіс:
 - «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда. Өзгерістер құжат қайта қаралғанға немесе күші жойылғанға дейін қолданыста болады.

29. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

284. Осы академиялық саясатты келісу Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректормен, Ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен, шығармашылық бөлімінің басшысымен, заң бөлімінің басшысымен, персоналды басқару бөлімінің басшысымен, стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысымен жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-35-2025 27.11.2025 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	53 беттің 50-ші беті


және «Келісу парағы» жеке нысанында ресімделеді, ол құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталады.

285. Осы академиялық саясаттың түпнұсқасын сақтау үшін жауапкершілік құжаттаманы жүргізу мен сақтаудың белгіленген тәртібіне сәйкес Академиялық мәселелер жөніндегі қызметке жүктеледі.





















**Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы**

ӘБ

Г.Б. Әбдірахман

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-35-2025 27.11.2025 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>53 беттің 51-ші беті</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Қ. Халықов
Бас бухгалтер		Г. Касымова
Персоналды басқару бөлімінің басшысы		А. Сыдыкова
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Білім беру бағдарламаларының мазмұнын саралау және дамыту бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру бөлімінің басшысы		У. Назимхан
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы		А. Молдабаева
Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы		Ж. Далиева
Мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы		А. Токеева
Шығармашылық бөлімінің басшысы		А. Аязбаева
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімінің басшысы		А. Кудайбергенов
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бас әкімші		С. Канатов
Заң бөлімінің басшысы		О. Тлегенова
Театр өнері факультеті деканының м.а.		М. Сарыбай
Кино және телевизия факультетінің деканы		М. Бакеева
Өнертану факультетінің деканы		Д. Маткерим
Хореография факультетінің деканы		И. Аухадиев
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Б. Байділда
Музыкалық өнер факультетінің деканы		В. Алпысбаева

